

References:

- 1 “Religious Education as the Factor of Prophylaxis of Extremism and Terrorism” (Proceedings of the Republican Scientific-Practical conference. P.119.)
- 2 Chokan Valikhanov . O musulmanstve v stepi, Polnoye sobraniye sochinenii, Kazakh Soviet Encyclopedia, Almaty, 1985, tom 4, pp71-77.
- 3 Salyk Zinamov, Kazakh Court of Bii – a Unique Judicial System. Almaty, 2008. p.68.
- 4 Shakhmatov V.F., editor. Kazakh-Russian relations. (Collection of Documents) Almaty. 1961.
- 5 Gorbunova S.V. Policy of the Russian Empire in the Kazakh Little Horde. Moscow, 2001.pp. 175-185.
- 6 Lyssenko Yu. A. (2007). Religious field in Kazakhstan in XVIII-XIX centuries //Historical and Philosophical research in Siberia: Proceedings of scientific conference devoted to 50-th anniversary of chairs of History and Regional Studies in Tomsk Polytechnic University. Tomsk. Part1. pp10-15.
- 7 Chernyavski N.M. (1903). Orenburg Eparchy in the Past and Present. Issue 2. Saint Petersburg, p.453.)
- 8 Tobol Eparchy Journals. 1894. p.239.
- 9 Lyssenko Yu.A. (2006) History of Becoming of the Kirgiz Mission in Altai. // To the Future through Centuries /All-Russian scientific-practical conference devoted to 250-th anniversary of Altai’s accession to the Russian state. Gorno-Altaiisk.
- 10 Karimova S.A., Missionary Activity of the Russian Orthodox Church among the Muslims of the Russian Empire. <http://www.sciteclibrary.ru/texts/rus/stat/st881.htm>. Accessed on March 8, 2015.
- 11 Tashkenbayeva D.A., Formation of the Peculiarities of the Central Asian Geopolitical Interests of the Russian Empire. // Questions of Historical Science: Proceedings of the III International Scientific Conference. Moscow, 2015, January. Moscow. Buki-Vedi, 2015. Pp.130-132.

УДК: 94 (564.3)19/20

Жұматаева Д.¹, Тұрлыбек А.²

¹Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті

E-mail: dinarazhumatayeva@gmail.com

²Сулейман Демирел университеті, E-mail: aslan.turlybek@sdu.edu.kz

КИПРДІҢ МҰСЫЛМАНДАР БИЛІГІНЕ ӨТҮІ

Abstract. The article investigates the issue of the conquest of Cyprus by the first Muslims and the period of their rule. According to historical documents the island of Cyprus is described as the the third largest island in the Mediterranean after islands of Sicily and Sardinia with its deep history and beautiful nature. In addition, the strategic importance of the island is written in the literature of political history. But there are very few information about the conquest of the island by Muslims and the sacred spiritual centers built in Cyprus by the Muslim rulers. Therefore, the objective assessment should be given to the historical centers which are considered by Muslims as sacred. It is necessary to explain to general public the importance of Cyprus to the Islamic world due to the Muslim martyrs who are lying in the island.

Key words: Cyprus, the Mediterranean Sea, the strategic importance, Muslims, sacred centers.

Кипр аралы Азия, Европа және Африка құрлықтарын бір-біріне байланыстыратын маңызды торапта орналасқан. Тарихта таяу шығысқа билік жүргізуге ұмтылған барлық мемлекеттер үшін, кипр аралы стратегиялық, әрі сауда саттықтың басты қамалы іспеттес болды. Сонымен қатарарал, теңіз жолындағы көпір қызметін атқарған. Тарихтың әр кезеңдерде кипр аралы алма кезек сырт күштердің билігінде болған. Шығыс Жерорта теңізінде орналасқан осынау аралды, б.з.б және біздің заманымыздың қазіргі таңына дейін алпауыт мемлекеттердің өз қауіпсіздігі мен дүниеге билік жүргізу мақсатында басты қаруы ретінде қолданған. Сондықтан болар Шығыс Жерорта теңізінде орналасқан тұрғысынан кипр аралы тарихта «батпайтын ұшақ кеме» деп тегін аталмаса керек [1, 1-б].

Сондай ақ кипр қаншама уақыт діндер арасындағы қақтығыс майданына айналған. Мысалы аралда Католиктер мен Православтардың рухани тартысы, Венециялық Католиктердің жергілікті тұрғындардың діни сеніміне аяқасты ету барысында Православ мазхабындағы христиандар өз сенімдері бойынша ғибадат ету мүмкіншіліктерін жоғалтқан болатын. Осы бір оқиғаларды тарихи деректердің бұлжытпай жеткізгеніне қарамастан, Ислам дінің кипрге жетуін жаулап алушылық, христиан дініне деген өшпенділік, жергілікті халықты ауыр салық төлеуге мәжбүрлеген деген сыңар жақты пікірлер өкінішке орай тарихтан орын алған. Бұл көпе кернеу жалған жала. Кипрде Ислам дінінің орнығуын екі кезеңнен өткендігін түсіндіреді зерттеушілер. Біріншісі Халифа Әзіреті (Әз) Оспан дәуірі болса, екіншісі 1571 жылы Осман мемлекетінің аралды толық бағындыруы арқылы қазіргі таңға дейін жеткендігін жеткізуде [2, 815-б]. Бірақ Османлы мемлекетінің кипрді өзіне қаратқанын бұл жерде қарастырмаймыз. Біздің тек мақсатымыз Мұсылмандардың кипр саясатының қалай өрбігенін және жергілікті халықтың рухани сеніміне мұсылмандардың қысым көрсетпегенін мәнін ашу болып табылады.

Мұсылмандардың алғашқы теңіз соғысы

Әз. Оспан кезеңінің Әз. Омар дәуірінен ең басты айырмашылығы Әз. Оспан Халифаттығы тұсында мұсылмандардың теңізшілік өнерді жандандыруы мен қол жеткізген толағай жеңістері болып табылады [3, 5-б]. Негізінде мұсылмандардың теңізбен танысу ретінде қабылданған алғашқы ұрыс Меккенің алынуынан жеті айдан кейінгі болған оқиға. 630 жылдың шілде (Хижра 9 ж. Ребиуләувел) айында Меккенің порты саналған Шуайбеге қарсы қарақшылардың басқыншылығын тойтару мақсатында Пайғамбарымыз (с.ә.у.) Алкаме бин Мужеззиз әл-Мудлижи қолбасшылығындағы 300 сарбазды аттандырды. Қарақшылар мұсылмандардың тегеурінді қарсылығынан кері шегінуге мәжбүр болған. Бұл Пайғамбарымыздың көзі тірісіндегі алғашқы теңіз соғысы болатын [4, 496-б].

638 жылы Әз. Омар басқарған Ислам Халифаты Шығыс Жерорта теңізінің көптеген айлақтары Дамаск, Антакия, Иерусалим, толықтай Сирия жағалаулары, Палестина және Мысырды бағындырды. Жаулап алынған жерлер Ислам Халифаттығына аса қомақты материалдық қаржы мен қарқынды дамудың жолын ашты. Қаратылған жаңа жерлердің теңізден келетін әртүрлі қауіптер мен тосқауылдарға қарсы Әскери-теңіз күштерін құру керектігіне назар аудартты. Мысыр мен Сирияның мол қазынасы сауда-саттықтан келіп түсетін. Осы аймақтың билеуші әкімдері қарулы күштердің күшейтілуімен қатар Әскери-теңіз флотының тез арада құрылу керектігін күн тәртібіне қойды. Сонымен қатар флотты жасақтауға мемлекеттің күші де жеткілікті болатын. Себебі Мысыр мен Сирия шығанақтарындағы кеме жасайтын орындарды бағындырылған болатын.

Алғашында Әскери-теңіз күштеріне күмәнмен қараған мұсылмандар көп уақыт өтпестен теңізсіз істің атқарылмайтынына көз жеткізді. Өйткені Византияның теңіздегі күшінің артуы Мысыр мен Сирияға үнемі қауіп төндіретін еді. 645 жылы Византия Александрия қаласын жаулап алды. Мұсылман билеушілері арасынан Византияға қарсы тұруға теңіз флотының жәрдемінсіз мүмкін еместігін ең алғаш түсінген де Мұғауия ибн Әбу Суфйан еді. Сирия әкімі Мұғауия Халиф Әз. Омарға теңіз шығанақтарының жай-жапсарын айта келіп, теңізге шығуына рұқсат сұраған. Бірақ Әз. Омар мұсылмандардың әлі теңізді толық меңгермеген һәм тәжирбесіз деп ойлағандықтан әрі Мысыр әкімі Амр ибн ул-Ас'тан теңіз жайында толық мағлұмат жіберуін бұйырды. Ал Мұғауияға қала қорғандарын қайта жөндеп сарбаз санын арттырып, қарауыл мұнараларын тұрғызып күзетші қойуын және кешқұрым уақыттарда шырақтар жағылуына әмір етті [4, 496-б].

Мысыр әкімі Амр ибн ул-Ас'тың Әз. Омарға жауабы хаһындағы деректемелер; «Бірнеше үлкен желкенді кемелер, ішінде құрттай адамдар, теңіз суы тыныш кезінде де жүректері қорқынышқа толы, теңіз толқынданып буырқанғанда ақыл естерінен танады. Теңізде адамның сенімі азайып күмәні артады. Кеме жантайса батады, жағаға жетсе бақытты санайды өздерін» – деп жауап беруі Халифтің теңіз арқылы жасалатын жорықтарын кідірткен және Мұғауияның да кипрді бағындыру өтінішіне рұқсат етпеген [3, 5-б]. Осы кезде Византия императоры да мұсылмандар мен достық бейбіт келісімге келуге ұмтылғандықтан теңіз ісі кейінге қалдырылуына негіз болған.

Мұсылмандардың кипрді бағындыру

Кипр, Византия империясы қол астында болған тұста Араб түбегінде Ислам Халифаттығы құрылды. Араб жарты аралын түгелдей бағындырған мұсылмандар көздерін Жерорта теңізіне тікті. 632 жылы Әз. Әбубәкір Кипрдің Китион қаласын бағындырды. Алайда мұсылмандардың Әскери-теңіз флоттары болмағандықтан бұл жеңіс уақытша болатын [5, 10-б]. Мұсылмандардың кипр аралына Ислам дінін жеткізу мақсатындағы екінші соғысы Халиф Әз. Оспан тұсында Сирия әкімі Мұғауия тарапынан жасалған. Әз. Оспан Халифалығының алғашқы жылдары Мұғауияның кипрге қарсы теңіз соғысна қарсы болды. Бірақ 647-48 жылы (Хижра 27 ж) шығанақтардың әскери күшпен күшейтілмесі және әйелінің де ере жүріуі, ұрысқа ешкімнің зорлықпен қатыстырылмауы шартымен Мұғауияның өтінішіне Халиф рұқсат етті. Ерікті әскерлер арасында Әбу Зәрр-и Гифари, Әбуд Дәрда, Убаде ибн Сарнит және жұбайы Үммү Харам Бинти Милхан сахабалар болатын [6, 38-б].

649 жылы Абдуллаһ ибн Қайыс басшылығында Сириядан Мұсылман Әскери-теңіз күштері кипрді бағындыруға аттанды. Бұл қолбасшының Ислам тарихындағы ең бірінші Адмирал болғандығы жайында түсінік қалыптасқан. Сондай-ақ Мысыр әкімі Абдуллаһ ибн Әби Серхте Александрия портынан Кипрге қарсы әскерлерін бастап шықты. Екі әскер Ларнака алдында бірігіп Мұғауияның басшылығында кипрліктерге Ислам дінін қабылдауын немесе соғысуын талап етті. Кипрліктер мұсылман болудың орнына соғысуды таңдады. Екі жақ арасындағы соғыс барысында мұсылмандар Константиния қаласын жаулап алып аралдың басқа тораптарында да үстемдіктерін орнатты. Кипрліктер мен мұсылмандар арасындағы келісім шарт негізінде осы уақытқа дейін Византияға төлеп келген 7200 алтын мөлшерлі салықты ендігі жерде халифатқа да төлей бастады [4, 497-б].

Бірақ кипрліктер келісімшарт негізінде төлеп келген салықты, Византияның арандатуымен үш жылдан кейін тоқтатып тастады. Бұл мұсылмандардың кипрге қайта жорыққа шығуына себепкер болды. 500 кемеден құралған мұсылман күштері кипрді толықтай бағындырды. Мұсылмандар аралдың Лапитос горнизонына 12.000 мыңдық

әскер орналастырды және рухани ғибадаттарын орындау үшін арнайы мешіт салынды [7, 34-б]. Мұсылмандардың алғашқы жорығынан бастап кипр аралына 24 рет соғыс жүргізгені баяндалады. Солардың кейбірі мысалыға 726 жылы Ислам флоты кипрге соққы беріп салық төлеуге мәжбүрледі. Византияның 736 жылы және одан кейінгі жылдарда Мысырға жасаған жойқын жорығына қарымта ретінде мұсылмандар 743 жылы кипрге соғыс ашты. Сонымен қатар 747 ж. 1000 кемеден құралған мұсылман күштері мен Византия теңіз флотының кипр торабында соғысқаны жазылған. Бұл соғыста Византиялықтар грек сұйық өртін қолданып мұсылман теңіз күштерін жойып жіберіп 752 жылы Жерорта теңізіндегі үстемдікті тартып алған [4, 497-б].

752-827 жылдар Аббаси Халифатының Теңіз күштерінің әлсіз кезеңі болып табылады. Басты себеп ретінде мұсылмандардың Византия мен Жерорта теңізінде жүргізіп отырған саясатының бәсеңдеуі мен қатар Андалусия Әмәуи мемлекеті құрылғаны болып табылады. Андалусия Теңіз-күштері 773 жылы кипрге жорық ашып әкімін тұтқынға алды. Бірақ Харун Рашид кезеңінде (786-809 жж) Аббаси Әскери-теңіз күштері қайта түлеп Шығыс Жерорта теңізінде 790 жылы Хумейд ибн Ма'юуп әл-Хамадани басқаруында кипр мен крит аралдарына соққы берді. Әрі Анталия шығынағына жақын жерде болған соғыста Византия Теңіз күштерінің қолбасшысын тұтқынға алған. 909 жылы шииттік Фатима әулетінің негізі қалануымен Жерорта теңізіндегі күштердің арасалмағы елеулі өзгерістерге ұшырады. Осылайша сунни теңіз күштеріне қарсы шииттік теңіз күші пайда болды. Ұрымтал сәтті пайдаланған Византия, Андалусия Әмәуи мемлекетімен одақ құрып күшін едәуір арттырды. 963 жылы Никифор II. Фока Тарсус пен кипрге аттанып 965 жылы Тарсусты, 969 жылы Крит, Кипр және Киликуюді арабтардан тартып алды [8, 210-б]. Күшейген Византия Шығыс Жерорта теңізі мен Таяу Шығыстағы мұсылмандарға соққы беріп уақытша болса да айтарлықтай әлсіретіп тастаған болатын.

Әз. Пайғамбар Мұхаммед Мұстафаның (с.ә.у.) Кипр хақындағы көрегенділігі

Сахабалардан Үммүл Харам Пайғамбарымыздың (с.ә.у.) атасы Абдмуталипт жағынан сүт әпкесі және Ислам дінін алғаш қабылдап құрметке ие болған әйел. Бірінші күйеуінің Ислам дінін қабылдамағаны үшін онымен ажырасқан. Кейінірек Әз Пайғамбарымыз Аңсар ақсақалдарынан Убаде ибн Самит пен некелестірген [9, 9-б]. Пайғамбар туыстастарының бірі болғандықтан Пайғамбарымыз Мәдина қаласындағы үйіне жиі-жиі келіп тұрған. Бірде Пайғамбар сүт әпкесінің үйінде тамақтанып болған соң бір сәтке мызғып, күлімдеп ояңған. Сонда әпкесі не үшін күлімдегенін сұрағанда Пайғамбарымыз; «түсімде үмметімнің базбіреулері теңіз үстінде патшаларға арналып құрылған тақтар тәріздес кемелермен Аллаһ жолында ғазуат соғысына кетіп бара жатқанын көрдім» – сол үшін күлімдедім деп жауап берген [6, 39-б]. Сонда Үммүл Харам Уа Аллаһ елшісі дұға ет, менде сол ғазуатшылардан болайын деп өтінген. Пайғамбар да Уа Аллаһ бұны да солардан ете гөр деп дұға жасаған екен. Айтқанындай Үммүл Харам анамыз кипр ғазуат соғысына қатысып сонда алғашқы шәйіттердің қатарына кірген.

Мәмлүк мемлекетінің кипрді бағындыруы

Мәмлүктер 1250-1517 жж. аралығында Мысыр мен Сирияға өз биліктерін толық жүргізген мемлекет. Сонымен қатар Мәмлүктерге Анатолияның шығыс және оңтүстік жерлері де қараған [10,117-б]. Айюб әулетінің билігінің соңғы кезеңдері мен Мәмлүк мемлекетін бастапқы жылдары өкінішке орай Ислам Диванү-л үстүлінің (матростық өнер) құлдыраған тұсы болып табылады. Исламның алғашқы жылдарында үстүллі (матрос) болу қаһармандық болып есептелсе бұл тұста матрос болуы ұят болып саналған. Бұл жағдай Мәмлүктердің төртінші сұлтаны әл-Мәлік әз-Заһир Рукн ад-дин Бейбарыстың таққа

шығуына (1260 ж.) дейін жалғасқан. Мәмлүк мемлекетінің кипрге қарсы алғашқы жорығы Сұлтан Бейбарыс билігі кезінде басталды. 1270 жылы Бейбарыстың Әскери-теңіз флоты кипрге аттанғанымен Лимасол жағалауларында дауылға тап болып жеңіске қол жеткізе алмады [11, 82-б].

Осыған қарамастан Сұлтан Бейбарыс күнінің көпшілік уақытын кеме жасайтын айлақта өткізетін. Мысырлық тарихшы әл-Макризидің желісін қарасақ Сицилиядан келген елшілер Бейбарысты айлақтан тапқан және қолында құрал саймандары, кесілген бөренелер арасында ұста және әмірлері мен бірге болғандығын жазып қалдырған [4, 500-б]. 1422-1438 жж. Мәмлүк мемлекетінде билік жүргізген Сұлтан Барысбай кипрде ұланған Госпитальеры ордендігіне көзін тікті. Мемлекет ішіндегі ішкі саясатты бір жолға қойып, кипрді бағындыруға тыңғылықты дайындыққа кірісті. Сонымен қатар 1423 жылы екі мұсылман кемесін Думьятқа жақын маңда Франктардың қолына түсуі және Сұлтан Барысбайдың Османлы Сұлтаны II. Мұратқа жіберген сый-сияпат тасыған кемені Кипр патшасы II. Иоанның (Жан-Янус) тонауы, мұсылмандардың жазалау жорығына шығуына себеп болған [1, 7-б].

Барысбай 1424 пен 1425 жж. кипрге қарсы шолғыншылық жорықтарын ұйымдастырды. Шешуші соққыны беру мақсатында 1426 Құрлық күштері қолбасшылығына Әмір Тағрыбердіні, Әскери-теңіз күштері басына Әмір Айналды тағайындады. 1426 жылдың маусым айында Мәмлүк Әскери-теңіз күштері Александрия қаласынан Шығыс Жерорта теңізіне бағыт алды. Бұл жолғы жорық алдыңғы екі жорыққа қарағанда әлдеқайда күшейтілген және тапсырмасы нақты болатын.

Әмір Тағрыберді Янусқа Сұлтан Барысбайдың билігін мойындауы хаһында хат жолдады. Бірақ кипр билеушісі бұл ұсынысты қабылдамай ұрысқа дайындалды. Мәмлүк Әскери-күштері аралға әскер түсірді. Жергілікті рыцарлар мен соғыста Мәмлүк күштері жеңіске жетіп Лимасол қаласы толық бағындырылды. Янусты паналап үлгертпестен мұсылман әскерлер қолға түсірді [12, 145-б]. Артынша Никосия бағындырылып кипр жылдық салық төлеуге мәжбүр етілді. 1460 жылы аралдағы тақ таласы салдарынан 300 Мәмлүк әскері кипрге жөнелтілді. Кипр бұдан кейін де Мәмлүк мемлекетінің құлауына дейін салық төлеуін жалғастырған.

Кипрдегі алғашқы шәйіттер мен Ислам ескерткіштері

Ақынның «Басқан жерінді жәй топырақ деп өтпе, таны, ойлан сол топырақ астында жатқан қаншама кебінсіз тәнді» деп жырлағынындай кипр, мұсылман қанының төгіліп, жанының шәйіттік дәрежеге ұласқанын біздерге ұққызғандай. Арап тарихшылары Шейх әл-Макин мен Әбул Феданың жеткізгеніне сүйенсек кипрді алғаш Әз. Оспан дәуірінде бағындырылғанын толықтыра түсуде. Ислам тарихының алғашқы Әскери-теңіз соғысында шәйіт болғандар арасында ханым сахабада бар. Сондықтан бұл ғазуат соғысы Ислам тарихының рухани тұрғысынан аса маңызды болып табылады. Ислам Әскери-теңіз күштері теңізден құрлыққа әскер шығарып Үммү Харам Бинти Милханды түйеге (атқа) мінгізеді. Генуэлықтар мен соғыс барысында түйе үстінде тепетеңдігін сақтай алмай құлап шәйіт болады. Осылайша Ислам тарихының теңіз соғысында ең алғашқы шәйіт ханым сахаба аталады. Сол жерге жерленіп, қабірінің басына мавзелей салынған.

Кипрдегі басқа да шәйіт болған сахабалар арасында Искеле ауылында басына мавзелей тұрғызылған Тураби ата және бір топ сахаба Қырықтықтар, солтүстік жағалауда орын алған Әз. Омар мавзелейлері болып табылады. Қазіргі таңда Хала Сұлтан мавзелейі Оңтүстік Рум Кипр Республикасы территориясында қалып қойған. Солтүстікте орын алған Әз. Омар мешіт мавзелейінің тарихы қызық. Әскери-теңіз қолбасшысы болған Омар, алты

жауынгерімен қазіргі Киренияның 6 шақырым шығысында орналасқан мүйісті бекініс ретінде қолданған. Осы жерде шәйіт болған соң бастарына Әз. Омар Мавзалеі тұрғызылған. Бірақ бұл сахабаның Халиф Әз. Омар мен шатастырмауымыз керек. Бұлардың тек аттары ғана бірдей болмаса екеуі басқа-басқа адамдар.

Қорытынды

Жоғарыда да баяндап өткеніміздей кипр аралының саяси һәм рухани тарихы соқтықпалы деп толық атауға болады және аралдың халқы тарихтың сан қатпарлы ешбір дәуірінде толық тәуелсіз мемлекет ретінде көзімізге елестете алмаймыз. Сондықтан кипрдің тек мына халыққа ғана тән жер деп көрсетудің өзі қиынырақ. Гректердің ежелден мекендеген өз отаны деп дауруғына жол жоқ сияқты. Себебі көрсетілген тарихи жылдардың көпшілігінде аралдың мұсылмандарға да отан болғандығы көрініп тұр. Тағысы осы соғыстар барысында мұсылмандардың Әскери-теңіз күштерінде қолданған титулдар; Мысалы; «Әмірү-л-ма» сөзі Европалықтарға «Адмирал» ретінде өткен.

Тарихи оқиғалар желісінің арқауында, байқағанымыз сөз етіліп отырылған объектке бір жақты баға беру әсте болмайды. Мұнда мұсылман немесе христиандық тұрғыдан баға берер болсақ өрескел бұрмалаушылыққа ұрынамыз. Себебі кипр немесе Шығыс Жерорта теңізі геостратегиялық тұрғысынан әу бастан маңызды болғандықтан, осы аймаққа өз билігін орнатқысы келген барша мемлекеттер кипрді уысында ұстап отыруға ұмтылған. Кипр, баз біреулердің көрсеткеніндей соғысқа тек руханият себеп болмаған. Барлық уақытта ұрысқа аралдың географиялық орналасуы басты нысан болғандығын айтуға толық негіз бар. Сондықтан арал қолдан-қолға ауысып отырғандықтан сол жерлерде билік құрған барша халықтардың қасиетті орталықтар бар сияқты мұсылмандардың да өздеріне тиісті рухани орталықтары бар. Біздің соңғы сөз орнына айтарымыз кипр аралы тарихына діни немесе халық тұрғысынан емес адами тұрғыдан әділ баға беріліп, барша азаматтарға ортақ өмір сүретін ортаға айналуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Dinora Zhumatayeva, Kıbrıs Sorunu ve Kıbrıs Barış Harekatı'nın SSCB Kamuoyuna Yankıları, Basılmamış Doktora Tezi, Ankara 2013. – 454 s.
- 2 Emin Onuş, “Kültür ve Edebiyat Zemininde Kıbrıs’a İslami Bir Bakış”, Turkish Studies, Volume9/6 Spring, Ankara 2014.pp. – 807 – 826.
- 3 Bahriye Uçok, İslam Tarihi Emeviler – Abbasiler, Sevinç Matbaası, Ankara 1968.– 208 s.
- 4 Nebi Bozkurt, “Bahriye”, cilt: 4, Türkiye Diyanet Vakfı İslam Araştırmaları Merkezi Yayınları, İstanbul 1991. pp. – 495 – 501.
- 5 H. Fikret Alasya, Tarihte Kıbrıs, Kıbrıs Türk Kültür Derneği Genel Merkezi, Ankara 1988.– 208 s.
- 6 Hüseyin Algül, “Osmanlılar Devrinde Kıbrıs Seferinin Manevi Cephesi ve Ebussuud Efendi'nin Seferlerle İlgili Fetvası”, Uludağ Üniversitesi İlahiyet Fakültesi Dergisi, Sayı 2, Cilt 2, Bursa 1987. pp. – 37 – 42.
- 7 Talip Atalay, Geçmişten Günümüze Kıbrıs İdari Yapılanma Ve Din Eğitimi, Mehir Vakfı Yayınları, Konya 2003. – 230 s.
- 8 СМ.Перевалов http://vremennik.biz/sites/all/files/009_%D0%9F%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%B2%D0%B0%D0%BB%D0%BE%D0%B2_0.pdf
- 9 Ural Gökhan, Hazreti Ömer Türbesi (Tekkesi) Kıbrıs Mektupları, Pamuk Yayıncılık ve Matbaacılık, Girne 2004. – 48 s.